

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ
ЗАҢ ФАКУЛЬТЕТІ
ЮРИДИЧЕСКИЙ ФАКУЛЬТЕТ

ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚПЕН КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІН ЗЕРДЕЛЕУ ЖӨНІНДІГІ
ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ОРТАЛЫҒЫ
НАУЧНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИЙ ЦЕНТР ПО ИЗУЧЕНИЮ ПРОБЛЕМ
БОРЬБЫ С ПРЕСТУПНОСТЬЮ

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ, ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС ЖҮРГІЗУ ЖӘНЕ
КРИМИНАЛИСТИКА КАФЕДРАСЫ
КАФЕДРА УГОЛОВНОГО ПРАВА, УГОЛОВНОГО ПРОЦЕССА И
КРИМИНАЛИСТИКИ

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТУДЕНТТІК КЛУБИ
АНТИКОРРУПЦИОННЫЙ СТУДЕНЧЕСКИЙ КЛУБ

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚ: МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ»**
*атты жосары оқу орындарының арасындағы жыл сайынғы республикалық
студенттердің және жас ғалымдардың форумының*
МАТЕРИАЛДАРЫ

25 сәуір 2013 жыл

II Шығарылым

МАТЕРИАЛЫ

Ежегодного Республиканского форума студентов и молодых ученых
**«КОРРУПЦИЯ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН:
ПРОБЛЕМЫ И ПУТИ РЕШЕНИЯ»**

25 апреля 2013 года

II Выпуск

Алматы қаласы

город Алматы

Проведение ежегодного республиканского форума студентов и молодых ученых и публикация материалов осуществлены в рамках 1342/ГФ «Разработка криминалистических технологий при расследовании преступлений в условиях глобализации»

Ответственный редактор

д.ю.н., профессор Р.Е. Джансараева

Члены редколлегии:

к.ю.н., доцент Б.М. Жугралина

к.ю.н., доцент А.Д. Байсалов

старший преподаватель М.Е. Акболатова

магистр юридических наук, ассистент Л. Бисенғали

К__ **Коррупция** в Республике Казахстан: проблемы и пути решения: материалы ежегодного респ. форума студ. и молод. ученых. 26 апреля 2013 г. – Алматы: Қазак университеті, 2013. - 149 с.

ISBN

В сборнике представлены научные доклады участников Ежегодного Республиканского форума студентов и молодых ученых «Коррупция в Республике Казахстан: проблемы и пути решения», организованной Научно-исследовательским центром по изучению проблем борьбы с преступностью и Антикоррупционным студенческим клубом на базе кафедры уголовного права, уголовного процесса и криминалистики юридического факультета Казахского национального университета имени аль-Фараби. В научных докладах магистрантов и студентов поднимаются и актуализируются современные проблемы борьбы с коррупцией, применения современных технологий, вопросы имплементации норм международного права и т.д.

Материалы конференции адресуются студентам, магистрантам, докторантам, преподавателям, а также всем тем, кто интересуется вопросами борьбы с коррупцией в Республике Казахстан.

**УДК
ББК**

ISBN

© КазНУ им. аль-Фараби, 2013

Серікбаев А.,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
заң факультетінің 2 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: құқық магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультеті қылмыстық құқық, қылмыстық іс жүргізу және криминалистика кафедрасының ассистенті Арын А.А.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА СЫБАЙЛАС
ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕСТІ ЖЕТІЛДІРУ ШАРАЛАРЫ**

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев өзінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты жолдауында – мемлекет пен қоғам жемқорлыққа қарсы күресетін бір күш болуға тиіс, жемқорлық – жай құқық бұзушылық емес, ол мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді сетінетеді және ұлттық қауіпсіздікке төнген тікелей қатер болып саналады. Біз түпкі мақсатымыз – жемқорлықты құбылыс ретінде жою үшін жемқорлыққа қарсы заңнамаларды жетілдіру арқылы жемқорлықпен күресті қатты күшейтуіміз керек – деп тікелей көрініс тапты [1].

Қазіргі таңда, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне төніп тұрған өте қауіпті қатерлердің бірі – ол сыбайлас жемқорлық екені мәлім. Қазақ ата-бабаларымыз айтқандай-ажалдан ақша беріп құтылмас, алтын шыққан жерді белден қаз. Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлықпен күресті жетілдіру шаралары Қазақстан Республикасының Үкіметі тарапынан жүзеге асырылып жатыр. Өткен жылдың 9 айында қаржы полициясы органдары республика бойынша 1 685 сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмысты, үстіміздегі жылдың 9 айында – 1 670 (немесе 0,9 пайызға кем) осындай қылмыстық оқиғаны тіркеген. 2010 жылы анықталған пара алу фактісі (ҚК 311-бабы), өткен жылмен салыстырғанда, 10 қылмыстан 18 қылмысқа дейін немесе 80 пайызға, пара беру фактісі – 6 қылмыстан 13 қылмысқа дейін немесе 116,7 пайызға көбейген. Отандық сыбайлас жемқорлықпен күресті жүзеге асыратын бірден – бір мемлекеттік орган ол – Қазақстан Республикасы экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы) болып табылады. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының алдына қойған негізгі мақсаттарының бірі ол – сыбайлас жемқорлықпен күрес шараларын жетілдіру. Біздің ойымызша, бұл мақсат әрекетті жүзеге асыру үшін біз – шетел тәжірибесін алып, осы мақсат әрекетті жүзеге асыру. АҚШ заң шығару құралдары арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізудегі батыл саясатымен ерекшеленеді. Халықаралық деңгейде алып қарасақ, жемқорлық мәселесіне аз назар аудармайтын басқа Еуропа елдерімен салыстырғанда, бұл елдің қылмыстық заң шығаруында сыбайлас жемқорлыққа терең кең ұғым

берілетіні мойындалады. Америкалық қылмыстық заң өзгеше құрылымымен ерекшеленеді. Ол федеральды қылмыстық заң және бөлек штаттардың қылмыстық кодекстерінен тұрады. Және штаттар да, федеральды заң да тұтас сыбайлас жемқорлық саласындағы лауазымдық қылмыстардың бірдей түрлері үшін жауапкершілікті көздейді. Бұл қылмыстың субъектісі тек жеке тұлға ғана емес, сондай-ақ фирма да, корпорация да бола алады. Келешекте лауазымға тағайындау кезінде қолдау көрсету немесе ықпал жасау үшін ақы төлеген, ұсынған немесе төлеуге сөз берген адамдар да жауапкершілікке тартылады. Федеральды заң қызметтік жағдайын теріс пайдаланушылыққа:

– Мемлекеттік қызметкерлердің негізгі лауазымдық қызметтеріне сәйкес келмейтін іспен айналысуы;

– шенеуніктердің мемлекеттік қаражат, ақпаратты пайдалану және алыпсатарлық арқылы баюға бағытталған әрекеті жатады. Мемлекеттік өкіметтің федеральды органдарында сыбайлас жемқорлықты тергеуде негізгі рөлді Федеральды тергеу бюросы атқарады. Тағайындалған және сайланған лауазымды тұлғалардың жасаған әрекеттері федеральды заңдарды бұзушылық болып танылса, қылмыстың осы түрі бойынша ФТБ сот жүргізу құқығы тек федеральды ғана емес, сондай-ақ штаттық және жергілікті басқару деңгейлерінде таратылады. Кіріспе бөлімінде айтылып өткендей, АҚШ тек ұлттық сыбайлас жемқорлыққа байланысты емес, сондай-ақ халықаралық жемқорлық тәжірибесіне байланысты заң бастамаларын қабылдайды. АҚШ-та алғашқы рет шетел шенеуніктерін параға сатып алуға тыйым салатын «Шетел сыбайлас жемқорлық тәжірибесі туралы» Заң қабылданды (1977 ж.). Дәл осы актіні қабылдаудың арқасында және АҚШ-тың басқа елдерде осыған ұқсас заңды қабылдауды үнемі талап етуіне байланысты (әлемдік рыноктағы америкалық компаниялардың бәсекеге қабілеттілігі еместігі фактісін жою үшін), 1997 жылдың желтоқсанында қабылданып, ал 1999 жылдың ақпанында Халықаралық мәмілелерді іске асыру кезінде шетел мемлекеттік шенеуніктерді параға сатып алуға қарсы күрес туралы ОЭСР Конвенциясы күшіне енді. Конвенция қол қойған елдерді шетел шенеуніктерін параға сатып алу үшін қылмыстық жауапкершілікті алдын ала қарастыратын ішкі заңдарды қабылдауды міндеттейді.

2001 жылдың 11 қыркүйегінде болған терактілерден кейін ФТБ жұмысының басым бағыттарының бірі сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес болып табылатынын ескеру қажет. Қазіргі кезде, Финляндияда жыл сайын паракорлық үшін айыптау бойынша, сондай-ақ пара берушілік үшін де үш-төрт іс тергеліп қарастырылады. Пара туралы істердің ең көпшілігі соғыстан кейінгі онжылдықта және экономикалық дағдарыс кезеңі басталған 1980 жж. қарастырылды. 1945-1954 жж. пара алғаны үшін 549 адам сотталған, 1980-1989 жж. осындай 81 үкім шығарылған, ал 1990 ж. – барлығы 38.

Финляндияның Қылмыстық кодексінде «сыбайлас жемқорлық» сөзі мүлде аталмаған. Оның орнына шенеуніктердің паракорлығы туралы, мұндай құқық бұзушылықтың қиындығына қарай айыппұл төлеуден бастап төрт

жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы берілетіні туралы

айтылған. Финляндияда ешқашан сыбайлас жемқорлық туралы арнайы заң немесе оны қадағалайтын арнайы органдар құрылмаған. Сыбайлас жемқорлық қылмыстықтың бір бөлігі ретінде қарастырылады және заңның, нормалар мен басқа бақылау жүйелерінің барлық деңгейлерінде реттеледі. Сонымен, сыбайлас жемқорлық әрдайым Конституцияның, Қылмыстық кодекстің, азаматтық қызмет туралы заңның, әкімшілік нұсқаулардың және басқа заңды актілердің ықпалында болды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы нормалардың сақталуын бақылауды және олардың бұзылу жағдайында шара қолдануды дәстүрлі сот және құқық қорғау органдары жүргізеді. Республика президентімен тағайындалатын, бірақ өз қызметтерінде толығымен тәуелсіз және тергеу жұмыстарын жүргізуге, шаралар қолдануға барлық құралдары мен құқықтары бар әділет канцлері мен парламент омбудсманы (адамның конституциялық және басқа құқықтары бойынша өкілетті адам) ерекше рөл атқарады [2].

Қорытындылай келе, Қазақстан Республикасы қазіргі таңда сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерімен күресуді жүзеге асырып жатыр. Қазақ ата-бабаларымыз айтқандай, ұры байымас, сұқ семірмес. Әрбір істелген сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық әрекетінен мемлекетке аса ірі залал келеді. 20 жыл тәуелсіздік жылдары ішінде көптеген іс-әрекеттер жасадық. Тіпті мүмкін емес жұмыстарды атқардық. Қазірде ойласан, сыбайлас жемқорлық іс-әрекетін жою мүмкін емес сияқты көрінеді. Бірақ та, біз бұл да құқық бұзушылық әрекетін жеңеміз деп сенімгерлікпен қараймыз. Ол үшін біз ерінбей еңбек етуіміз қажет.

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлықпен күресу шараларын жетілдіру үшін біздің ұсыныстарымыз келесідей болып табылады:

Біріншіден, барлық азаматтардың заң мен сот алдындағы теңдігі.

Екіншіден, сыбайлас жемқорлық қылмысы сот процестеріне егер мүдделі тұлғалар қарсы болмаса, БАҚ-тың сот процесіне қатысуы.

Үшіншіден, мемлекеттік органдар қызметіне мемлекеттік және қоғамдық бақылауды орнату.

Төртіншіден, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделеріне қатысы бар, мемлекеттік кадр саясатын жетілдіру.

Бесіншіден, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық әрекеттеріне қарсы күрес жасаған адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Мысалы, біздің ұсынысымыз – куәларды қорғау бағдарламасы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты.
2. <http://www.akimvko.gov.kz>

СОДЕРЖАНИЕ

Абдралиев А.Б. Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлықты алдын алудың құқықтық жағдайы.....	
Амангелдиев А.Т. Коррупция как угроза национальной безопасности Казахстана.....	
Ахмет Д.Ә. Сыбайлас жемқорлықпен күрес – ортақ парызымыз.....	
Ашимова А. Опыт борьбы с коррупцией в некоторых странах мира.....	
Әбдіқадыр Е.Е. Қазақстан Республикасының қазіргі таңдағы сыбайлас жемқорлықпен күресуді ахуалы.....	
Базарбаев А. Опыт борьбы с коррупцией в Финляндии.....	
Баяуов А.Б. Коррупционное сознание в Республике Казахстан разъедает национальную безопасность государства.....	
Болатбекқызы Ә. Шет елдердегі сыбайлас жемқорлықпен күресудің шаралары.....	
Гинаятов С. Особенности борьбы с коррупцией в Японии и Республике Корея.....	
Дядчук К.О. Повышение эффективности противодействия коррупции.....	
Жаксылыков Б.Н. Методы борьбы с коррупцией в Республике Казахстан: проблемы и перспективы.....	
Жамашов Е. Пара алудың субъектісі.....	
Жахман А.С. Қазақстандағы сыбайлас жемқорлықпен күресу мәселелері.....	
Иманбаева А.Б. Проблемы предупреждения коррупционных правонарушений.....	
Испенбетова Л.А. Коррупция в Казахстане: методы борьбы и пути решения проблемы.....	
Кушекова Ж.У. Сыбайлас жемқорлық қылмыстармен күрес мәселелері.....	
Қашым Д.Ж. Сыбайлас жемқорлықпен күрестегі шетел мемлекеттердің тәжірибесі.....	
Мырзагереева А.Н. Жемқорлық ғасыр дерті.....	
Надир К.К. Коррупция как форма теневой экономики.....	
Нурлин А.К., Сабырбаев С.А. Актуальные проблемы борьбы с коррупцией на современном этапе независимости Республики Казахстан.....	
Омарова М.С. Сыбайлас жемқорлық үшін жауаптылық.....	
Саламатов Ш. Парақорлық қылмысының жауаптылық мәселелері.....	
Серікбаев А. Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлықпен күресті жетілдіру шаралары.....	
Серікқалиқызы А. Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлықпен күрес органдары.....	
Сыпабек Ф. Сыбайлас жемқорлықтың алдын-алу.....	
Таргинова К.А. Понятие и признаки коррупционных преступлений.....	
Тобажанов Х.Е. Сыбайлас жемқорлықтың даму тарихы мен оның алдын алу шаралары.....	

Турганов А.А. Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлықты тудыратын себептер мен жағдайлар.....

Тұңғатар Г.А. Сыбайлас жемқорлықпен күресудің халықаралық құқықта шетел мемлекеттерінде және Қазақстандағы тәжірбиесі.....